



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025 жосын-287 08 мамыр

Балқаш қаласы

№ 294

город Балхаш

**Қорытынды аттестаттаудан
өткізу мерзімдерін
айқындау туралы**

«Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталуы және аяқталу мерзімдерін, сондай – ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 10 шілдедегі №174 бұйрығына енгізілген өзгерістер негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Қорытынды аттесттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9- сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2025 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;

11- сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2025 жылғы 30 мамырдан бастап 16 маусым аралығында.

2. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9- сынып оқушылары үшін:

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 29 мамыр;

2) қазақ тілі/ орыс тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі(оқыту тілі)бойынша эссе нысанда жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп алушылары үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2025 жылғы 2 маусым;

3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет(оқыту тілі бойынша), шет тілі(ағылшын/француз/неміс, информатика) – 2025 жылғы 5 маусым;

4) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан - 2025 жылғы 10 маусым;

003936

11- сынып оқушылары үшін:

- 1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2025 жылғы 30 мамыр;
- 2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 4 маусым;
- 3) қазақ тілі/орыс тілінде оқытатын мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі)бойынша жазбаша емтихан 9 маусым;
- 5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет(оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс, информатика) – 2025 жылғы 12 маусым;
- 4) Орыс тілдерінде оқытатын мектептерде қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2025 жылғы 16 маусым.

3. Мектеп басшылары:

- 1) Қорытынды аттестаттан өтетін оқушылардың тізімін бекіту;
 - 2) Қорытынды аттестаттау өтетін орындарды белгілеу;
 - 3) Мектепте «Қорытынды аттестаттау» бұрышын;
 - 4) Қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстарын ұйымдастырсын.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау әдіскер Ж.С. Мухаметжановаға жүктелсін.

Басшы



К.Ш. Дубирбекова

Мақсат: Ә